

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозоғистон» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOBA Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского поместного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaronyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорынның тұрақты дамуының	4103

«ЕР ТӨСТІК» ЖЫРЫНДАҒЫ ЕҢ БАСТЫ ГЕНДЕРЛІК КӨРІНІСТЕР МЕН СИМВОЛДАР

Абдрахман Аружан Ералханқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, «Қазақ тілі әдебиеті»

мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ. Өмірбекова

Түркілік халық үшін фольклорда бәріне ортақ болып келетін ертегілерді көптеп кездестіреміз. Олардың бірі – «Ер Төстік» атты ертегі. «Ер Төстік» - түркілік халықтыра фольклорлық ертегісі әрі эпостың түріне жататын көнеден келе жатқан мұрасы. Басты қаһарманының тағдыры мен ерлік ісі, адамдар мен табиғаттың байланысы, басқа тіршіліктің иелері арасындағы қарым-қатынасынан бұл фольклорлық мұра өте ерте замандарда дүниеге келгендігін түсінеміз.

«Ер Төстік» эпосындағы басты мотиві – басты қаһарманымыздың жердің астына түсіп, сапар шегуінде. Жердің асты – жыландардың патшалығы билік құрып жатқан мекен. Бұны қазақтардың нұсқасымен Жылан Бапы зан деп береді, ал татарлардың нұсқасында аждаһа жылан деп көрсетеді. Ер Төстік қайда бара жатыр деген сауалға жауап бере алатын – Кенжекей. Эпосымыздағы перінің қызымен (Бекторы не Айсалқын деп береді) қақтығысы, Кенжекей қыздың көрегендік белгісі, Жалмауыздың әрекеттері, аждаһаның қойған талаптары – эпос оқиғасындағы бірнеше күрделілікке толы мотивтердің барын көрсетеді. Және осы құрылымдардан біз бұл эпостың өте көне екенін түсінеміз.

«Ер Төстік» - қазақтар, қырғыздарғ татарларға ортақ, ежелгі заманғы мифке толы танымды айқын бейнеде айғақтайтын фольклорымыздағы мұра. Курд халқында да тағы бір нұсқасының бары белгілі. Қазақтардың нұсқасында «Ер Төстік» ертегісін Ә. Марғұланда «батырлық өлең», Серік Қасқабасовта «батырлық ертегісі» [1].

Осы фольклорлық мұрамыздың жиналуына көз жіберетін болсақ, алғашқы рет жиырма бірінші ғасырдың жетпісінші жылдарында В. Радлов өзінде бар «Образцы народной литературы тюркских племен» деген еңбектің үшінші томында Батыстағы Сібір татарларындағы «Ииртөшлек» деген ертегіні жариялаған және де қырғыз халқының екі мың бір жүз қырық алты өлең жолынан құралған «Эр Тештюк» атты эпостық шығамасын осы еңбегінің бесінші томына жариялаған. Г. Потанин мен В. Радловтың ұсынған еңбектегі нұсқаларға сүйене, «Ер Төстік» эпостық шығармасын өзге де әлем халықтарындағы фольклорлық мұрамен салыстырып, бұл нұсқадағы мотивтің барынша кең түрде таралғанын байқайды.

Қазақ халқындағыдай қара сөз нұсқасымен жазылған түрі қырғыз халқында да бар екен. Бұл нұсқалардың қатарына Қырғыз Республикасындағы Ұлттық ғылым академиясы Ж. Жамғырчы уулуды, Ы. Шамен уулыны, Ж. Казакбай уулыны тапсырған нұсқаларын да айтсақ болады.

«Ер Төстік» жиырмамыншы ғасырда біршама салыстырмалы түрдегі зерттеулер үшін үлкен арқау болды. Бұл эпостық шығармаға қазақтар, қырғыздар, татар халқының ғалымдары ғана емес, тіпті еуропа ғалымдары да қызыққан.

Ер Төстік – мифологиямыздағы күн тектес қаһармандардың бірі. Оған бұл есімнің қойылуы да тектен тек емес. Шаңырақта ілініп тұрған төсті жеген соң анасының бойына біткен бала болғандықтан, мұндағы шаңырақта ілінген төс – «аспанымыздағы Күн іспеттес»). Ер Төстік жайында ертегілердің негізгі қаңқасының біздің заманымызға дейінгі 2-1 мыңжылдықтарында,

демек, қола мен темір ғасырларында және де дәстүрлі көшпелілердің қалыптасқан дәуірлерінде қалыптасқан. Алайда сол уақыттың өзінде де ертегі қалпындағы эпосқа өте ертедегі замандардың мифтегі материалдарды пайдаланғанын аңғару қиын емес.

«Ер Төстік» ертегісіндегі оқиғалар батырлардың қонған жерінен қалатын егеуді іздеу идеясын құрған, тек қана ерте замандағы осы ойдың көмескіленген, ақырында айтылмаған. Мифология тұрғысынан Ер Төстік жай егеуін іздемей, ол бүкіл адамзатқа керекті оттың шоғын алуға «Ру ана-қожайын жерлеріне» барған. Бірақ біздің бүгінгі қарастырып, талдайын деп отырғанымыз бұл емес. Ер Төстік жырында кездесетін сөздердің гендерлік қыры мен сипаты. Жалпы жыр басталған сәттен-ақ көзге ерекше көрінетін тіркесті айтқымыз келеді.

Көтерген бүкіл жерді **көк өгізді**

Кергенде қайран қалып тұрды қарап.

Көк өгіз мүйізімен көкті тіреп,

Көк тасқа төрт аяғын тұрған шіреп,-деген жолдардағы мифтік жануар – көк өгіз. Өгіз. 1. Сиыр малындағы піштірілген еркек түрі; көлікке пайдалынады. Жалпы түрі бойынша атан өгізді, дөнен өгізді және құнан өгізді ажыратамыз. 2. Ауыспалы мағынасында ірі, дөңкигенді, дәулікті білдіреді. 3. Ауыспалы мағынасында топас немесе дойызды адамдарды айтады. Өгіз арба деп өгізді жегетін ырдуанды үлкен арбаны айтады. Ал өгізге жегіп қоятын соқаны – өгіз соқа деп атайды. Қазақта баяу не өте шабан жүрістерді өгіз аяңды жүріс деген. Егер еркек мол олжа әкелсе, оны өгіз олжа деп атаған. Өгіз өзі малдың еркек түрі болғандықтан, ол мал шаруашылығымен айналысатын, өгіз арбаны жүргізетін де еркек екені белгілі. Бұл жердегі қолданыстан жырдың ер адамды жырлайтынын байқай аламыз. Ал енді жырдағы көк өгізге келер болсақ, ол біріншіден мифтік бейне. Орта Азияда мекендейтен халықтарда бұрынғы түсінік бойынша, тәңірдің әмірі арқылы бірінші жер жаралған, одан кейін көкті жаратқан, содан соң жерді, оны көтеріп тұратын Көк өгіз болады екен, ол өзі сияқты дәу балық үстінде тұрған. Осы Көк өгіз шаршаған кезде, жерді бір мүйізінен басқа мүйізіне ауыстырады екен. Сол уақытта жер сілкінеді. Ал егер екі мүйізі сынып қалса, жерде ақырзаман болады деген сенім бар. Бұл секілді наным-сенімдер Еділдегі Кавказдарда, Қырымдарда ерте кезден таралған. Бұған ұқсас сенімдер басқа да халықтарда таралған, бірақ олардың вариантында жерді көтеріп тұратын жануарлар сан түрлі, мысалы: тасбақа, балық, бұғы және т.б. Жырда әрі қарай оны көтеріп тұрған жайын деп беріледі.

Халқымыз дамып, өзгеру үстінде, әрі талай ғасырлық белестер үстінен өтіп, оларды тұрмыста және тіршілікте, әдеттер мен ғұрыптарда өзгерістер орын алды. Осындай өзгерісті атамыздан баламызға мұра қылып отыратын салтымыз бен дәстүрімізден, ауыз әдебиетімізден байқаймыз.

Ауыз әдебиетіміз туындылары түр және вариант жағынан көп. Ол ертеден бері ауызша түрде туды, ауызша түрмен таралғандығы, сан түрлі өзгеріске ұшырады.

Атақты әдебиетшіміз Мәлік Ғабдуллиннің: «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты еңбегі ауыз әдебиеті халқымыздың тұрмысы мен салтына қарай дүниеге келген шығармаларын төрт түрлі топтарға бөліп қарастырған.

1. Төрт түлік малдарға, еңбек пен кәсіпке байланысты: аңшылар жайында, наурыз мерекесі туралы, өтірік өлеңдер, бесік жырлары және жаңылтпаш өлеңдер;

2. Үйлену тойында айтылатын өлең-жырлар: той бастарлар, жар-жар, беташарда айтылатын жырлар, сыңсу және де жұбатулар;

3. Дін тақырыбындағы: бәдікті, арбауды, жалбарынуды, бақсы сарындарын, жарапазанды жатқыза аламазы;

4. Көңіл-күйімізді білдіріп тұратын: қоштасуды, естіртуді, көңіл айтуды, жоқтауды жатқызамыз [3].

Ал біздің қарастырығымыз келіп отырған мәселе – ерлер және әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшелік осы аталған ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салттың жырларында,

ұлтымыздың фольклорында қалай көрініс тапқан. Ер және әйелдің сөз қолданысындағы ерекшелік күнделікті тұрмысызда, тіршілігімізде және тұрмыс-салттық жырларымызда қаншалықты қолданылады.

Осында берілген төр түрлі топтың ішінде тұрмыс-салт шығармаларының бірінші түріне қатысты – тек әйел қауымы ғана айтатын бесік жыры. Әрбір баланың өміріндегі басты қызметті атқаратын жан – ана. Ол баланы киіндіріп, шомылдырып, тамағын беріп, тәрбиелейді және т.б. Ананың баласына деген сезімі ең құдіретті деген сезімдердің бірі. Қазақтың әйелдер қауымы өзінің балаларына арнап әр түрлі жырларды ойдан құрастырып отырған. Және ол жырларды жай айта салмайды, баласының құлағына әдемі жететіндей етіп, нәзік дауыспен, баяу үн арқылы әндетеді. Ер Төстік жырындағы әйелге ғана қатысты тағы бір дүние сипатталады. Ол әйелдің дүниеге бала әкелуі. Бұл тек адамдарға ғана қатысты емес, барлық тіршілік иелеріне қатысты.

**Қызыл нар Төстік барда буаз екен,
Айлас боп әйелімен туады екен**

Осы жердегі Қызыл нар мен әйелінің бір уақытта дүниеге жаңа жанды әкелуі өте әдемі суреттеледі. Бала дүниеге келгеннен кейін, оның күтімімен, және қараумен ерлер қауымы көп айналыса бермеген. Көбіне бала күтімі, тәрбиесі әйелдің мойнындағы іс. Баласында деген сүйіспеншілігі, сезімі жету үшін, анасының рөлінде бесік жыры осы себептен үлкен маңызға ие. Ер адам ешқашан да бесік тербетіп, жыр айтпаған.

Тұрмыс-салт жырлармызбен бірге салт-дәстүрде, әдет-ғұрыптарымызда жыныстардың арасында сөйлеу ерекшеліктері әр уақытта өз ізін салып отырған. Мысалы, батаны қазақ халқы әр түрлі жиындарда, отырыстарда ерлерге айтқызатын болған. Бұл үрдістің осы уақытқа дейін ешқандай өзгеріссіз сақталып келе жатқанын білеміз. Бата – қазақ халқы үшін нақыл сөз әрі асыл мұра. Халқымыздың батасында Алладан сұрап алған үкімді, уағданы, жақсы тілектерді айтады. Әдетте бата айту құрметі ақыл тоқтатып, еліне құрметті болған қарияға беріледі. Не болмаса көпшіліктің рұқсаты, жас болса да жолы әрі жөні бар, жұрттардың ойынан шыққан адам да беруіне болған. Бата ер адамдардың ойлап табатын өлең немесе тілек жолдарынан тұрады. Мәселен, елдің аузында осы уақытқа дейін жатталып қалған Төле би батасы, Соқыр Абыз айтқан бата, Сүйінбай сөйлеген бата, Жамбыл ақынның батасы, және Асаубай баталары т.б. бар. Халқымызда халықтың арасында өте үлкен даңққа ие болған, киелі кейуаналар болмаса, ер адам отырған кезде ешқашан әйел бата бермеген. Керісінше тек әйелдер ғана жиналған орын болса, бірақ араларында ес білген ер бала отырса – батаны беру құрметі соған берілген.

Ер Төстік жырында да әлбетте бата беру көрінісі бар. Ол Төстіктің жер астынан жер үстіне көтерілуге ниеттенген кезінде, «әкесінің» Төстік аттанар кезде берген батасы.

Ақсақал:— Жолың болсын, барғын,— деді,

Әбиір қайда жүрсең алғын,— деді.

Жолдасқа «бір күн көрген қырық күн сәлем»,

Ер Төстік, амалым жоқ қалдым,— деді.

Бұл жерде ақсақалдың «әбиір» деп отырғаны «абыройыңды, жақсы атыңды» деген мағынада. Яғни асырап алған болса да, өз ұлындай болып кеткен Төстікке жақсылық тілеп, жолға аттандырып жатыр. Ерте заманда қаптаған жаулармен айқасқан уақытта ер-азаматтарымызға күш пен қайрат, жігерді, жауға деген өшпенділікті өршіту үшін, қанын қыздыру үшін ұран сөздерінің де жыныстардың арасында, әсіресе сөйлеуінде үлкен ұлттық орын бар. Ұран сөзінің көмегі арқылы ер-азаматтар, ата-бабамыздың елі мен жерінің қамын ойлай, халқымызды жауға бастап отырған. Ер Төстік жырында осы аталған батырлардың жауға шабуы мен ерлік көрсеткен жерлері бейнеленеді. Ол Төстіктің айдаһармен күресінде көрсетілген. Алып қара құстың балапандарын құтқару кезінде айдаһарды өлтірген көрініс:

Ер Төстік мұны көріп көзі жайнап,

Семсерін қонышындағы тасқа қайрап.

Бұл жердегі ерекше гендерлік айырмашылықты көреміз. Қандай халық болмасын, жауға шабуыл жасауға көбіне ер адамдар аттанған. Құрал-саймандар негізінен ер адамдарға тиесілі. Ал ыдыс-аяқты қолданатын әйелдер. Сонымен қатар басқа да бір көрініс: «Қанжармен айдаһарды бір ұрады». Бұл жерде де ер адамның қаруын көрсетіп тұр.

Гендерлік лингвистика ғылымында қолданылып, соңғы уақытта айтылып жүрген гендерлік метафораны да Ер Төстік жырынан кездестірдік. Ол феминдік және де маскулиндік тұлғаның қасиеті мен сапасын берудің жаңа тәсілі болып табылады[3].

Гендердегі метафора – физикалық қасиетті ғана бейнелемейді, жыныстарға қатысы болмайтын еркектік және әйелдіктің мәнін көрсететін рухани қасиетті сапаның жиынтығы арқалы бейнелейтін категория. Мәселен, кез келген әлемдегі мифологиядағы бейнелер жоғары және төмен, жарық пен қараңғыда, оң менен солда және т.б. бинарлы түрдегі оппозиция қатарлары бар. Көбінесе философиядағы жүйелікте табиғат пен мәдениетті, белсенділік пен әрекетсіздікті, рационалдылық пен иррационалдылықты, логиканы және эмоцияны, рух пен материяны, билік пен бағынуды категория етеді. Әр оппозицияны сол жақтағы еркекке тән белгілер арқылы атрибуттайды, ал оң жақтағы белгілерді әйелдерге тән етіп көрсетеді. Және де мұндай белгілер әрбір жұпты белгілі бір жыныстың өкілі ретінде байланыспайтын тәуелсіз оппозиция құрайды. Дегенмен адамзаттың тіршілік жүйесіндегі барлық жыныстық диморфизмдер еркектік\әйелдік түсініктермен қаралған. Әрбір жыныс өкілі үшін қоғамдық әрі жекелік санасында еркек және әйел тұлғасында қалыптастырудың маңызды рөлдерін атқарып, өздері сәйкес келетін сапалармен белгіленген. Бұл категорияларды адам баласының санасындағы жіктеуші қызмет атқаратын категория дей аламыз. Адамдар екі типте, яғни еркек және әйел болуының феминдік және де маскулиндік философияны категорияларға негіз болған. Бұларды осы метафоралардың салыстыруына база ете аламыз. Метафораны атау қылып қолдану санамызда объектілердің бірнеше класын жасай алады: салыстырылатындар және салыстыратындар класы. Ер Төстік жырынан мысал келтіріп кетсек: «Ақырып *арыстандай* батыр Төстік». Бұл жердегі «арыстандай» деген сөз гендердегі этикалық бағалаушылық топқа жатады. Ол ер-азаматтың батылдығын, күшін көрсету үшін жұмсалған.

Одан соң жырдағы тағы бір гендерлік тіркеске мән бердік. Ол Ер Төстіктің қимылы.

Ер Төстік адасқанын енді білді,
Ел іздеп **екі етегін белге түрді,**

-деген жолдардағы «екі етегін белге түру» тіркесінің көп жырда кездесетінін, және барлық жырда ол тек ер адамдардың әрекетін көрсететінін анықтадық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Бозторғай сөзі» атты шығармасындағы ғазырет Ғалым туралы: Екі етегін беліне түріп алып, Бір жаққа қарай бет түзегені, жолда жалғыз болғаны және жолда мола көргені жырланады.

Ер Төстік жырында бұл тіркес тағы да бір рет қолданылған:

Етегін баяғыдай белге түріп,
Қаңғырып қанша айдай теректі іздеп,

Сонымен Жүсіпбек Шайхисламұлының «Дотан батыр» атты қиссасында да бұл жолдар кездеседі: Дотан атты батырдың Желаяқпен бірге үш күн жүргенін сипаттаған жерінде, оның да екі етегін беліне түргенін сипаттайды.

Алайда, басқа да бір-екі жыр мен шығармада бұл тіркестің әйел баласына байланысты қолданылғанын таптық. Бірақ бұл қолданыстың ерекшелігі, ол әйелдер соғысқа қатысқан немесе еркекке қатысты әрекеттер жасағанын сипаттау үшін қолданған. Бір сөзбен айтқанда ер мінезді әйелдің әрекетінде қолданылған.

Пайдаланған әдебиетте тізімі:

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: «Ғылым», 1984.– 324 б.

2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1974ж. 161 б.

3. Словарь гендерных терминов / под ред. А.А. Денисовой. — М.: Информация XXI век, 2002. - 215с.

ӘОЖ 81'362:512.122:111

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ӘЛЕМІНДЕГІ БИЛІК ПЕН ГЕНДЕР: ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ПАРЕМИЯЛАРЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Амирова Айжан

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 3-курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Бейсенбай Ардақ Бақытұлы

Паремиялар - халықтық даналықтың шығармашылық шыңдары ретінде ғасырлар бойы жинақталған мәдени-тарихи мұраның құнды қазынасы болып табылады. Бұл зерттеуде қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі билік пен гендерлік рөлдердің өзара байланысына кешенді түрде салыстырмалы талдау жасалады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы - екі мәдениеттегі гендерлік билік құрылымдарының паремиялық өрнектерін жүйелі түрде салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаудан тұрады. Қазіргі заманғы лингвокультурологиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі - фольклорлық мәтіндер арқылы қоғамдағы гендерлік қатынастардың тарихи эволюциясын зерттеу. Бұл контексте паремиялар арнайы зерттеу нысаны ретінде ерекше қызығушылық тудырады, өйткені олар халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген ұжымдық тәжірибесін, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар жүйесін көрсетеді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы оның гендерлік зерттеулер мен лингвокультурология саласындағы жаңа тәсілдерді қолдануында жатыр. Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты - қазақ және ағылшын паремиялары арқылы екі мәдениеттегі гендерлік билік құрылымдарының ерекшеліктерін ашып көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1. паремияларды жинау және жіктеу
2. гендерлік билік концептісінің лингвистикалық өрнектерін талдау
3. екі мәдениеттегі гендерлік стереотиптерді салыстыру
4. қазіргі заманғы фольклордағы өзгерістерді бағалау

Зерттеу объектісі - қазақ және ағылшын тілдеріндегі гендерлік қатынастарға қатысты мақал-мәтелдер. Зерттеу материалы ретінде 100-ден астам қазақ және ағылшын паремиялары талдауға алынды, олардың ішінде 70-тен астамы тікелей гендерлік билік мәселесіне қатысты болып табылады.

Паремияларды гендерлік аспект тұрғысынан талдау кезінде гендерлік зерттеулер саласындағы танымал болып табылатын келесі 3 теорияның негізіне сүйендік.

- Фуконың "билік дискурстары" тұжырымдамасы [1]

- Бурдьенің "символдық зорлық" теориясы [2]

- Орталық Азия фольклорындағы гендерлік зерттеулер (А.Нуртазина, 2019)

Осы үш тұжырымдама паремияларды гендерлік билік құрылымдарын зерттеудің кешенді моделін құруға мүмкіндік береді, яғни екі тілдегі паремиялардың символдық құрылымдарын, дискурсивтік практикалары мен этномәдени ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл тәсілдердің интеграциясы гендерлік иерархиялардың паремиялық өрнектерін толыққанды түсінуге жол ашады, сонымен қатар олардың қазіргі заманғы қоғамдағы өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді [3]